

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

БЕКІТІЛДІ

**«Сәрсен Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті»
КЕАҚ Директорлар кеңесінің
шешімімен**

«05» қазан 2020 жылғы

№ 1 хаттама

31.07.2026 жылғы өзгерістер мен
толықтырулармен (№5 хаттама)



**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ– РЕКТОРЫН ІРІКТЕУ ЖӘНЕ
ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ ТӘРТІБІ
ТУРАЛЫ**

ЕРЕЖЕ

ШҚУ Е 001-20

Екінші басылым

көшірме № _____

**Өскемен қ.
2026 ж.**

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 2

Мазмұны

1	Қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер.....	3
3	Басқарма Төрағасы-Ректорды сайлау (тағайындау) тәртібі	3
4	Академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесін тағайындау.....	10
5	Басқарма мүшелерін (Басқарма Төрағасы-Ректорды және академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) сайлау тәртібі	10
6	Қорытынды ережелер	15
7	Өзектендіру.....	15
8	Сақтау және тарату	15
	қосымша №1	16
	қосымша №2	19
	қосымша №3.....	20



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 3

1. Қолдану саласы

1.1 Осы «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы - Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі-Қоғам) Жарғысына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Басқарма Төрағасы - Ректорды сайлау (тағайындау), Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау, Басқарма мүшелерін сайлау рәсімін айқындайды.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Осы Ереже келесі нормативтік құжаттарды ескере отырып әзірленді:
2003 жылғы 13 мамырдағы №415 "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

2020 жылғы 21 мамырдағы 304 бұйрығымен бекітілген "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" КЕАҚ Жарғысы;

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі-Қоғам) өзге де ішкі құжаттары.

3. Басқарма Төрағасы-Ректорды сайлау (тағайындау) тәртібі

3.1 Басқарма Төрағасын-Ректорды сайлау (тағайындау) Қоғамның Жалғыз акционері ретінде тиісті саланың уәкілетті органының (бұдан әрі-уәкілетті орган) айрықша құзыретіне жатады.

Басқарма Төрағасы-Ректорды сайлау (тағайындау) ашық конкурс (бұдан әрі-Конкурс) арқылы жүзеге асырылады және келесі кезеңдерді қамтиды:

- конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
- Басқарма Төрағасы-Ректордың лауазымына үміткер тұлғалардың құжаттарын қабылдау;
- құжаттарды тапсырған тұлғаларды Конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдау;
- Директорлар кеңесінің отырысында Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына үміткер кандидаттардың құжаттарын қарау;



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 4

-Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына үміткер кандидаттардың құжаттарын Республикалық комиссия отырысында қарау;

-Жалғыз акционер ретінде уәкілетті органның Басқарма Төрағасы-Ректорды сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдауы.

3.2 Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына конкурс өткізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Директорлар кеңесі конкурсты өткізу шарттарын, күнін және орнын айқындайды.

3.3 Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректоры лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру 1-қосымшаға сәйкес ресми бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ уәкілетті органның интернет-ресурсында конкурс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күн бұрын мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

3.4 Басқарма Төрағасы-Ректордың лауазымына кандидатураларды іріктеу кезіндегі негізгі талаптар *(3.4-тармақ 2026 жылғы 31 шілдедегі №5 Директорлар кеңесінің шешімімен жаңа редакцияда)*

1) ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор, іскерлік әкімшілендіру докторы (DBA) дәрежесінің болуы, ғылыми атағының бар болуы (болғаны жөн);

2) кәсіби тәжірибесі кемінде 10 жыл, оның ішінде білім және ғылым саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл;

3) білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыруды, ұйымдастырушылық менеджмент қағидаттарын, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік саясатты білуі;

4) стратегиялық жоспарлау, бизнес-процестерді цифрландыру, фандрайзинг және инвестициялар тарту дағдыларының болуы;


5) көшбасшылық, креативтілік, жаңашылдық, сыни тұрғыдан ойлау, құқық бұзушылыққа төзбеушілік;

6) қазақ тілін (Қазтестің B1 деңгейінен төмен емес сертификатының болуы) және орыс тілін және (немесе) ағылшын тілін (құпталады) меңгеру;

7) ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және (немесе) корпоративтік басқару саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының болуы.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің негізгі бағыттары бойынша біліктілікті арттыру сертификаттары (куәліктері) болуы құпталады.

3.5 Конкурсқа осы Тәртіпте көзделген талаптарға сай келетін барлық тілек білдірушілер, соның ішінде шетел азаматтары да қатыса алады.




	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 5

3.6 Конкурса қатысу үшін уәкілетті органға қағаз және электрондық жеткізгіштерде келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) конкурса қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3х4 үлгідегі түрлі түсті суретпен конкурса қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) жоғары оқу орнының даму бағдарламасы – университеттің 5 жылға арналған негізгі даму бағыттары бойынша миссиясы, пайымы, университеттің бекітілген құжаттарына сәйкес және мемлекеттік мүдделер мен міндеттері ескерілген (ұлттық және өңірлік жобалар, тұжырымдамалар, Мемлекет басшысының тапсырмалары) университет құндылықтары мен даму перспективалары;
- университеттің бекітілген құжаттарын іске асыру бойынша ағымдағы жағдайды талдау (дамудың екі-үш басым бағытын (мақсаттарын) және олар бойынша индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізуді көрсету);
- университеттің алдында тұрған және (немесе) алдағы уақытта туындауы мүмкін негізгі сын-қатерлер, сондай-ақ оларды шешу жөніндегі ұсыныстар (өткен кезеңдегі стратегияны іске асыруды талдау, проблемалар, қабылданған шешімдердің сабақтастығы).
- конкурса қатысушы ұсынған университеттің даму бағдарламасын іске асырудан күтілетін нәтижелер мен жетістіктер (3.6-тармақтың 4) тармақшасы 2026 жылғы 31 шілдедегі №5 Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес жаңа редакцияда)

5) білімі туралы құжаттар мен олардың қосымшаларын салыстырып тексеру үшін көшірмелеріне қоса түпнұсқаларын ұсыну:

- ғылым кандидаты немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесі туралы, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша докторы, іскерлік әкімшілендіру докторы (DBA) дәрежесі туралы құжаттардың көшірмелері (2026 жылғы 31 шілдедегі №5 Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес толықтырылды);
- ғылыми атақ туралы аттестаттардың көшірмелері (болған жағдайда) (2026 жылғы 31 шілдедегі №5 Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес толықтырылды);
- «Болашақ» халықаралық стипендиясы иегерлері, сондай-ақ өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтары мен зертханалары берген білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік білім беру ұйымдарында алған білімі туралы құжаттарының көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды нострификациялау немесе тану куәліктерінің көшірмелері қоса беріледі.;



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 6

- «Болашақ» халықаралық стипендиясы иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықааралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;

- өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды тану туралы анықтаманың көшірмелері қоса беріледі;

6) жұмыс орны (қазіргі немесе соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы нысандарына сәйкес құжат тапсырғанға дейін алты айдан аспайтын уақытта берілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-кеңестік қорытынды);

8) мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

9) мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымнан анықтама;

10) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқтығын растайтын құжат.

11) В1 деңгейінен төмен емес Қазтест сертификатының және ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент пен (немесе) корпоративтік басқару бойынша біліктілікті арттыру сертификатының көшірмелері (2026 жылғы 31 шілдедегі №5 Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес толықтырылды);

12) университет қызметінің негізгі бағыттары бойынша біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың (куәліктердің) көшірмелері (бар болған жағдайда) (2026 жылғы 31 шілдедегі №5 Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес толықтырылды).

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда көрсетілетін Конкурса қатысушылар 7,8 және 9-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 7

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өздерінің кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтерді) қосымша ақпаратты бере алады.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға осы Тәртіптің 3.6 - тармағына сәйкес құжаттарды, сондай-ақ жоғары оқу орнының даму бағдарламасын (бұдан әрі- даму бағдарламасы) уәкілетті органға осы Тәртіптің 3.3-тармағында айқындалған мерзім ішінде ұсынады

3.7 Құжаттарды тапсырған адамдарды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешімді уәкілетті орган құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды. Уәкілетті орган конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімін барлық құжаттарымен бірге директорлар Кеңесінің Корпоративтік хатшысына жібереді.

3.8 Конкурсқа келесі тұлғалар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаға;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған адамдар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

3.9 Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттары, сондай-ақ үміткерлер ұсынған даму бағдарламалары директорлар Кеңесінің отырысында жеті жұмыс күні ішінде қаралады..

Кандидаттың директорлар Кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

1) бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен жасырын дауыс беруді өткізуді қамтамасыз етеді.

3.10 Корпоративтік хатшы:

1) коммерциялық емес акционерлік қоғамның қаражаты есебінен конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді;

2) директорлар Кеңесінің отырысында қарау үшін құжаттарды дайындауды жүзеге асырады;

3) бейнеконференция байланысы арқылы Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша директорлар Кеңесінің отырысын өткізуді қамтамасыз етеді (қажет болған жағдайда), отырыстың барысын



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 8

бейнетіркеуде жүзеге асырады, бейне-жазбаны электрондық жеткізгіште сақтауды қамтамасыз етеді;

4) Қоғам Басқармасы мүшелерінің (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымдарына директорлар Кеңесі сайлаған кандидаттардың тізімін қалыптастырады;

5) бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен жасырын дауыс беруді өткізуді қамтамасыз етеді.

6) Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасы – Ректор лауазымына ұсынған үміткерлер тізімін қалыптастырады және оны республикалық комиссияның отырысында қарау үшін уәкілетті органға жібереді.

3.11 Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі отырысқа қатысқан кезде, Директорлар кеңесінің отырысы заңды деп есептеледі.

Үміткердің Директорлар кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

3.12 Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша Директорлар кеңесінің отырысын бейнеконференцбайланыс режимінде (бұдан әрі - БКБ) өткізуге рұқсат беріледі.

3.13 Директорлар кеңесі жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасын қарағаннан кейін жасырын дауыс беру арқылы және кемінде үштен екісінің даусымен Республикалық комиссияның қарауы үшін кандидатураны (кандидатураларды) айқындайды.

3.14 Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша директорлар Кеңесінің отырысы БКБ режимінде өткізілген жағдайда, дауыс берудің құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе өзге де электрондық тәсілмен дауыс беру жүзеге асырылады.

3.15 Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау нәтижелері бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда, Директорлар Кеңесі оны Республикалық комиссияның қарауына беру үшін ұсынылған кандидатуралардың тізімін қалыптастырады.

3.16 Егер Директорлар Кеңесінің қарауына осы Тәртіппен белгіленген талаптарға сәйкес келетін екіден кем кандидаттың құжаттары ұсынылса, немесе құжаттар (конкурстық өтінімдер) түспесе, немесе кандидаттар ұсынылмаса, Директорлар Кеңесі конкурсты өтпеді деп таниды және қайтадан конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы – Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 9

3.17 Директорлар Кеңесінің хаттамалық шешімі барлық құжаттармен бірге Республикалық комиссияға беріледі.

3.18 Республикалық комиссияның құрамын уәкілетті орган айқындайды.

3.19 Республикалық комиссия ұсынылған құжаттарды зерделейді және 30 күнтізбелік күн ішінде конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізеді. Әңгімелесу қорытындысы бойынша ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен Басқарма Төрағасы - Ректор лауазымына кандидат айқындалады.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда Республикалық комиссия Басқарма Төрағасы-Ректордың лауазымына сайлау жөніндегі конкурсты онлайн режимде жүзеге асырады. Республикалық комиссия конкурс нәтижелері туралы кандидаттарға ашық дауыс бергеннен кейін хабарлайды.

Жоғары оқу орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында басшылық лауазымдардағы кандидаттың жұмыс өтілі, өзге тең жағдайларда, Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректоры лауазымына кандидатты ұсыну үшін басым негіз болып табылады.

3.20 Егер әңгімелесу нәтижесінде Республикалық комиссия Басқарма Төрағасы - Ректор лауазымына кандидатты анықтамаса, онда Директорлар кеңесі конкурсты өтпеді деп таниды және қайтадан конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның материалдары, конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың қызметтік тізімі, өтініші мен құжаттары уәкілетті органның кадр қызметінде сақталады.

3.21 Республикалық комиссияның шешімі Басқарма Төрағасы – Ректорды тағайындау үшін негіз болып табылады.

Басқарма Төрағасы – Ректордың кандидатурасы бойынша Республикалық комиссия қабылдаған оң шешім негізінде уәкілетті орган Жалғыз акционер ретінде Басқарма Төрағасы - Ректорды тағайындау туралы бұйрық шығарады және онымен еңбек шартын (бұдан әрі – шарт) жасасады.

3.22 Еңбек шарты үш жыл мерзімге жасалады. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына Конкурс жариялау туралы шешім қабылданады.

3.23 Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін, Басқарма Төрағасы- Ректордың атқаратын лауазымына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, Жалғыз акционер шартты Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұзады.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 10

4. Академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесін тағайындау

4.1 Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау Жалғыз акционер ретіндегі уәкілетті органның айрықша құзыретіне жатады.

4.2 Жалғыз акционер академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін, сондай-ақ оның тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселелерді қарау тәртібін дербес айқындайды.

4.3 Жалғыз акционер қабылдаған оң шешім негізінде Басқарма Төрағасы-Ректор академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін тағайындау туралы бұйрық шығарады және онымен еңбек шартын жасасады.

4.4 Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесімен еңбек шарты Жалғыз акционер айқындаған мерзімге жасалады. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе бұзылады.


4.5 Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін, академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесінің атқаратын лауазымына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылады.

5. Басқарма мүшелерін (Басқарма Төрағасы-Ректорды және академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) сайлау тәртібі

5.1 Қоғам Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін айқындау және басқарма мүшелерін (Басқарма Төрағасы-Ректорды және академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және тәртіптік жауапкершілікке тарту Директорлар Кеңесінің ерекіне құзыретіне жатады.

5.2 Басқарма мүшелерін сайлау (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) ашық конкурс (бұдан әрі - Конкурс) арқылы жүзеге асырылады және келесі кезеңдерді қамтиды:

- конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
- Басқарма мүшелері лауазымына үміткер тұлғалардың құжаттарын қабылдау (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда);
- Басқарма мүшелері лауазымына үміткер кандидаттардың құжаттарын қарау (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда),



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 11

әңгімелесу өткізу және Директорлар кеңесінің отырысында сайлау туралы шешім қабылдау.

5.3 Директорлар кеңесі өз отырысында Қоғам Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын айқындайды және Басқарма мүшелері лауазымдарына Конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды, оны өткізу шарттарын, күнін және орнын айқындайды.

5.4 Қоғам Басқармасы мүшелерінің (академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру конкурс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күн бұрын ресми бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ Қоғамның интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

5.5 Басқарма мүшелерінің (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымдарына кандидатураларды іріктеу кезіндегі негізгі талаптар:

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы;
- 2) тиісті салалардағы білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органдарда басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.

5.6 Конкурсқа осы Тәртіпте көзделген талаптарға сәйкес келетін, шетел азаматтарын қоса алғанда, барлық тілек білдірушілер қатысады.

5.7 Конкурсқа қатысу үшін Корпоративті хатшыға қағаз және электрондық түрде келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) 2 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) Конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 3х4 үлгідегі түрлі түсті суретпен 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) білімі туралы құжаттар мен олардың қосымшаларын салыстырып тексеру үшін көшірмелеріне қоса түпнұсқаларын ұсыну:

- «Болашақ» халықаралық стипендиясы иегерлері, сондай-ақ өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтары мен зертханалары берген білімі туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік білім беру ұйымдарында алған білімі туралы құжаттарының көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды нострификациялау немесе тану куәліктерінің көшірмелері қоса беріледі;

- «Болашақ» халықаралық стипендиясы иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 12

орталығы» акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқуды – туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі»;

- өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды тану туралы анықтаманың көшірмелері қоса беріледі;

5) жұмыс орны (қазіргі немесе соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарына сәйкес құжат тапсырғанға дейін алты айдан аспайтын уақытта берілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);

7) мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылатын күнге дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқтығын растайтын құжат.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда көрсетілетін Конкурсқа қатысушылар 7,8 және 9-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өздерінің кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтерді) қосымша ақпаратты бере алады.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар осы Тәртіптің 5.7 - тармағына сәйкес құжаттарды Корпоративті хатшыға осы Тәртіптің 5.4. -тармағында айқындалған мерзім ішінде ұсынады.

5.8 Конкурсқа келесі тұлғалар жіберілмейді:



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 13

- 1) жиырма бес жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған адамдар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

5.9 Корпоративті хатшы:

1) коммерциялық емес акционерлік қоғамның қаражаты есебінен конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесінің отырысында қарау үшін құжаттарды қабылдап дайындауды жүзеге асырады;

3) бейне конференция байланысы арқылы конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша Директорлар кеңесінің отырысын өткізуді қамтамасыз етеді (қажет болған жағдайда), отырыстың барысын бейнетіркеуде жүзеге асырады, бейне-жазбаны электрондық жеткізгіште сақтауды қамтамасыз етеді;

4) бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен жасырын дауыс беруді өткізуді қамтамасыз етеді;

5) Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасы – Ректор лауазымына ұсынған кандидаттардың тізімін қалыптастырады және оны Республикалық комиссияның отырысында қарау үшін уәкілетті органға жібереді.

5.10 Директорлар кеңесі құжаттардың осы Тәртіптің 5.5-тармағының талаптарына сәйкестігін қарайды және жеті жұмыс күні ішінде басқарма мүшелері (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымдарына үміткерлермен әңгімелесуді жүзеге асырады.

5.11 Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі отырысқа қатысқан кезде, Директорлар кеңесінің отырысы заңды деп есептеледі.

Кандидаттардың Директорлар кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

5.12 Директорлар кеңесінің отырысын Басқарма мүшелері (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымына үміткер адамдардың құжаттарын қарау және олармен әңгімелесу өткізу бейне конференция байланысы режимінде (бұдан әрі - БКБ) өткізуге рұқсат беріледі.

5.13 Кандидаттың Басқарма мүшелері (академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымына үміткер адамдардың құжаттарын қарау және олармен БКБ арқылы әңгімелесу өткізу бойынша Директорлар



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 14

кеңесінің отырысына қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, әңгімелесу басқа күнге, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірілмей ауыстырылады, бұл ретте корпоративтік хатшы кандидатты қайта әңгімелесуге дейін бір күн бұрын хабардар етеді.

5.14 Директорлар кеңесі Басқарма мүшелері (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) лауазымына үміткер тұлғалардың құжаттарын қарау және олармен әңгімелесу өткізу нәтижелері бойынша жасырын дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен Басқарма мүшесі лауазымына кандидатураны айқындайды.

Жоғары оқу орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі, өзге тең жағдайларда, Басқарма мүшесі лауазымына кандидатты айқындау үшін басым негіз болып табылады.

5.15 Егер директорлар Кеңесінің қарауына Басқарма мүшесі лауазымына осы Тәртіппен белгіленген талаптарға сәйкес келетін екіден кем кандидаттың құжаттары ұсынылса не құжаттар (конкурстық өтінімдер) келіп түспесе, кері қайтарылса немесе кандидаттар ұсынылмаса, Директорлар кеңесі конкурсты өтпеді деп таниды және қайтадан Конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның материалдары, директорлар Кеңесінің оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың қызметтік тізімі, өтініші мен құжаттары корпоративтік хатшыда сақталады.

5.16 Әңгімелесу қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін (академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) сайлау, олардың өкілеттік мерзімі, бірақ 3 жылдан аспайтын мерзім туралы шешім қабылдайды.

5.17 Директорлар кеңесінің қабылданған оң шешімі негізінде Басқарма төрағасы-Ректор Басқарма мүшелерін тағайындау туралы бұйрық шығарады және олармен еңбек шарттарын жасасады.

5.18 Басқарманың әрбір мүшесімен (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесінен басқа) еңбек шарты Директорлар кеңесі айқындаған мерзімге жасалады. Мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе Басқарма мүшесі лауазымына Конкурс жариялау туралы шешім қабылданады.

5.19 Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі өткеннен кейін, Басқарма мүшесінің атқаратын лауазымына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, еңбек шарты Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылады.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 15

6. Қорытынды ережелер

6.1 Корпоративтік хатшы болмаған жағдайда, оның міндеттерін орындауды Қоғам қызметкерлері арасынан Директорлар кеңесінің шешімімен уақытша тағайындалған тұлға жүзеге асырады.

6.2 Егер осы Ереженің жекелеген тармақтары қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін болса, бұл тармақтар күшін жояды және осы тармақтармен реттелетін мәселелер бөлігінде осы Ережеге тиісті өзгерістер енгізілген сәтке дейін қолданылып жүрген заңдардың нормаларын басшылыққа алған жөн.

7. Өзектендіру

7.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен, оның ішінде, Қоғамның жалғыз акционері бастамасы бойынша енгізілуі мүмкін.

8. Сақтау және тарату

8.1. Ережені Директорлар кеңесі бекітеді және ол жойылғанға дейін қолданылады.

8.2 Ереженің түпнұсқасы Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінде сақталады, оның сақталуына Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы жауапты болады.

8.3 Ереженің есепке алынған жұмыс даналарын таратуды Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі жүзеге асырады.

8.4 Ереженің ескерілген жұмыс данасын бөлімшеде сақтау үшін құрылымдық бөлімшенің басшысы жауапты болады жұмыс данасын бөлімшеде сақтау үшін құрылымдық бөлімшенің басшысы жауапты болады.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 16

Қосымша 1
2026 жылғы 31 шілдедегі №5
Директорлар кеңесінің шешімімен жаңа редакцияда

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі, 070004, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 55, «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы– Ректор бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды, орналасқан мекенжайы: Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 55

Қызметтің негізгі мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін көрсету болып табылады.

Қызметтің мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, оқыту және оқыту үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- 1) ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор, іскерлік әкімшілендіру докторы (DBA) дәрежесінің болуы, ғылыми атағының бар болуы (болғаны жөн);
 - 2) кәсіби тәжірибесі кемінде 10 жыл, оның ішінде білім және ғылым саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл;
 - 3) білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыруды, ұйымдастырушылық менеджмент қағидаттарын, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік саясатты білуі;
 - 4) стратегиялық жоспарлау, бизнес-процестерді цифрландыру, фандрайзинг және инвестициялар тарту дағдыларының болуы;
 - 5) көшбасшылық, креативтілік, жаңашылдық, сыни тұрғыдан ойлау, құқық бұзушылыққа төзбеушілік;
 - 6) қазақ тілін (Қазтестің B1 деңгейінен төмен емес сертификатының болуы) және орыс тілін және (немесе) ағылшын тілін (құпталады) меңгеру;
 - 7) ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және (немесе) корпоративтік басқару саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының болуы.
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің негізгі бағыттары бойынша біліктілікті арттыру сертификаттары (куәліктері) болуы құпталады.

Конкурсқа келесі тұлғалар қатыса алмайды:

- 1) жиырма бес жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзған;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер келесі құжаттарды ұсынады:



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 17

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) Конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) белгіленген үлгідегі 3x4 түрлі-түсті фотосуретімен қоса конкурсқа қатысушының қызмет тізімі;
- 4) мазмұнында келесі мәселелер қамтылған жоғары оқу орнының даму бағдарламасын ұсынады:
 - университеттің 5 жылға арналған негізгі даму бағыттары бойынша миссиясы, пайымы, университеттің бекітілген құжаттарына сәйкес және мемлекеттік мүдделер мен міндеттері ескерілген (ұлттық және өңірлік жобалар, тұжырымдамалар, Мемлекет басшысының тапсырмалары) университет құндылықтары мен даму перспективалары;
 - университеттің бекітілген құжаттарын іске асыру бойынша ағымдағы жағдайды талдау (дамудың екі-үш басым бағытын (мақсаттарын) және олар бойынша индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізуді көрсету);
 - университеттің алдында тұрған және (немесе) алдағы уақытта туындауы мүмкін негізгі сын-қатерлер, сондай-ақ оларды шешу жөніндегі ұсыныстар (өткен кезеңдегі стратегияны іске асыруды талдау, проблемалар, қабылданған шешімдердің сабақтастығы).
 - конкурсқа қатысушы ұсынған университеттің даму бағдарламасын іске асырудан күтілетін нәтижелер мен жетістіктер.
 Университеттің даму бағдарламасы Power Point форматында көлемі 10 слайдтан аспайтын презентация түрінде рәсімделуі керек.
- 5) білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері салыстыру үшін түпнұсқаларымен қоса ұсынылады:
 - ғылым кандидаты немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесі туралы, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша докторы, іскерлік әкімшілендіру докторы (DBA) дәрежесі туралы құжаттардың көшірмелері;
 - ғылыми атақ туралы аттестаттардың көшірмелері (болған жағдайда);
 - шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтары пен зертханалары «Болашақ» халықаралық стипендиясы иегерлерінің Қазақстан Республикасының азаматтарына берген білім туралы құжаттарды, сондай-ақ өзара тану және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданысына енетіндерді қоспағанда, шетелдік білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының азаматтары алған білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген білім туралы осы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәліктердің көшірмелері қоса ұсынылады;
 - «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтағаны туралы анықтаманың көшірмесі қоса ұсынылады;
 - өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданысына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген осы білім туралы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмелері қоса ұсынылады;
- 6) жұмыс орны (ағымдағы немесе соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) B1 деңгейінен төмен емес Қазтест сертификатының және ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент пен



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 18

корпоративтік басқару бойынша біліктілікті арттыру сертификатының көшірмелері;8) университет қызметінің негізгі бағыттары бойынша біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың (куәліктердің) көшірмелері (бар болған жағдайда);9) № 075у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-кеңестік қорытынды);10) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама;11) мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды тапсыру күніне дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымның анықтамасы;12) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйымның жоқтығын растайтын құжат

Конкурсқа қатысуға құжаттар қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Конкурс өтетін күн мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда аталған құжаттарды белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетіне жеткізу қажет. Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 11-кіреберіс (643-каб.), телефон: 8 (7172) 74-24-26, 74-20-38, 74-19-16, 74-27-25.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 19

Қосымша 2

(уәкілетті орган)

Өтініш

Мені «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ Басқарма төрағасы – ректорының бос лауазымына орналасуға арналған конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Директорлар Кеңесінің Басқарма Төрағасы-Ректор лауазымына іріктеу тәртібінің негізгі талаптарымен таныстым, олармен келісемін және орындауға міндеттеме аламын.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына жауап беремін.
Қоса беріліп отырған құжаттар:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Мекенжайы және байланыс телефоны _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

« ____ » _____ 20__ ж.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 20

Қосымша 3

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ Басқарма төрағасы – ректоры лауазымына кандидаттың ҚЫЗМЕТТІК ТІЗІМІ

тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) /
фамилия, имя, отчество (при наличии)

ФОТО
(түрлі түсті/
цветное, 3x4)

лауазымы/должность, санаты/категория
(болған жағдайда/при наличии)

ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР / ЛИЧНЫЕ ДАННЫЕ

1. Туған күні және жері/
Дата и место рождения
2. Ұлты (қалауы бойынша)/
Национальность (по желанию)
3. Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы/
Год окончания и наименование учебного заведения
4. Мамандығы бойынша біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда) /
Квалификация по специальности, ученая степень, ученое звание (при наличии)
5. Шетел тілдерін білуі/
Владение иностранными языками
6. Мемлекеттік нағрадалары, құрметті атақтары (болған жағдайда) /
Государственные награды, почетные звания (при наличии)
7. Дипломатиялық дәрежесі, әскери, арнайы атақтары, сыныптық шені (болған жағдайда) /



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ		Келесі тексеру күні 2029 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы– Ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже	ШҚУ Е 001-20	24 беттен 21

Дипломатический ранг, воинское, специальное звание, классный чин (при наличии)

8. Жаза түрі, оны тағайындау күні мен негізі (болған жағдайда)

/Вид взыскания, дата и основания его наложения (при наличии)

9. Соңғы үш жылдағы қызметтің тиімділігін жыл сайынғы бағалау күні мен нәтижелері, егер үш жылдан аз жұмыс істеген жағдайда, нақты жұмыс істеген кезеңдегі, сондай-ақ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аттестаттау нәтижелері бойынша бағалар көрсетіледі»/.

Дата и результаты ежегодной оценки эффективности деятельности за последние три года, в случае, если проработал менее трех лет, указываются оценки за фактически отработанный период, а также, по результатам аттестации в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании»

10. ЕҢБЕК ЖОЛЫ/ТРУДОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Күні/Дата қызметі, жұмыс орны, мекеменің орналасқан жері/должность, место работы, местонахождение организации


қабылданған/приема

босатылған/увольнения

Кандидаттың қолы/Подпись кандидата

күні/дата



[illegible]

